

**Фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерде
этил спиртінің пайдалану көлемін квоталау Ережесін бекіту туралы**

Құшын жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет 1999 жылғы 19 шілде N 190-1 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 тамызда тіркелді. Тіркеу N 873

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы N 564 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 38 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін құру туралы және 1998 жылғы 26 шілдедегі " Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы N 608 қаулысына сәйкес, фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерде этил спиртінің пайдаланылуын қатаң бақылауға алу мақсатында бұйырымын:

1. Қоса беріліп отырған фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерде этил спиртінің пайдалану көлемін квоталау Ережесі бекітілсін.

2. Нормативтік реттеу бөлімі (Лепесбаев А.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау - бақылау және лицензиялау басқармасының бастығы Р.Алдашевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

" Б е к і т і л г е н "

Қазақстан Республикасы мемлекеттік
кіріс министрлігінің Алкоголь
өнімін өндіру және оның айналымын

19.07.1999 жылғы 190-1 бұйрығы

**Фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік
медициналық мекемелерде этил спиртін пайдалану
көлемін квоталау
Ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 ақпандағы N 173 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті туралы ережесі және 1998 жылғы 26 шілдедегі "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға акциздердің ставкалары туралы N 608 қаулысына сәйкес, фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерде этил спиртін пайдаланылу көлемін квоталауды жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

2. Квота Қазақстан Республикасының фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерде акциз төлемінсіз пайдаланатын этил спиртінің жылдық көлемін айқындайды.

3. Этил спиртін өндірушілер спиртті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеттің (ары қарай комитет) этил спиртін емдік және фармацевтік препараттарды дайындауға пайдаланатын және медициналық қызмет көрсететін фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерге берілген рұқсат негізінде ғана босатуға құқылы.

4. Осы Ережедегі рұқсат ету деп, акциз төлемінсіз медициналық мақсаттарда пайдаланатын этил спиртін өндіруші-кәсіпорынға спиртті босатуға құқық беретін заң орнатушы актіні айтады.

5. Рұқсат Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім беру және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті (ары қарай - Денсаулық сақтау комитеті) бекіткен, келісілген тізбеге сәйкес акциз төлемінсіз босататын этил спиртін өндіретін отандық өндірушілерге беріледі.

6. Рұқсат бір жылдан артық емес мерзімге беріледі.

7. Осы Ереже этил спиртін сақтауға және сатуға берілетін лицензияға қатысты қатынастарды реттемейді.

2. Қазақстан Республикасының фармацевтік кәсіпорындары мен мемлекеттік медициналық мекемелерінде акциз төлемінсіз пайдаланатын этил спиртіннің көлемін квоталау процесін жүзеге асыру

8. Этил спиртін тұтыну көлемдерінің квотасын анықтау фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелердің тоқсандыққа шаққандағы келесі жылға белгіленетін этил спиртін тұтыну көлемдері туралы өтінімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

9. Комитет жыл сайын мекен-жайын көрсете отырып этил спиртін өндірушілердің (жеткізушілердің) тізбесін 1 ақпанға дейін Денсаулық сақтау комитетіне жібереді.

10. Қажетті негізделген есептерімен (қолданылатын технология ескірілген нормалар бойынша) этил спиртін алу-сату шарты және қажетті құжаттардың тізбесі үстіміздегі жылдың 1 сәуіріне дейін Денсаулық сақтау комитетінің аумақтық органдарына табыс етіледі. Этил спиртіннің резервін жасауға жол берілмейді.

11. Денсаулық сақтау комитетінің аумақтық органдары келесі жылы этил спиртін тұтыну көлемдері (қажетті және негізделген есептерімен) бойынша жиынтық өтінімдерді әрбір тұтынушыға шағып, әр жылдың 1 тамызынан қалдырмай Денсаулық сақтау комитетіне табыс етеді.

12. Денсаулық сақтау комитеті квота бөлу үшін деректердің негізінде республика бойынша фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелердің (облыстар бойынша шағып) этил спиртін тұтынудың жалпы жылдық көлемін анықтап және жыл сайын 1 қыркүйегінен қалдырмай оларды Комитетке табыс етеді.

13. Қосымша квота алу Денсаулық сақтау комитетінің ынтасы бойынша өндірісте қолданылатын емдік препараттардың жаңа түрлерін немесе қосымша медициналық қызмет көрсетуге акциз төлемінсіз спиртті босатуға рұқсат алу мақсатында жүргізілуі мүмкін.

14. Өтіп жатқан жылдың пайдаланылмаған үлесі оның келесі жылы пайдаланылуына негіз бола алады.

3. Акциз төлемінсіз этил спиртін босатуға рұқсат беру комиссиясы

15. Комитет рұқсаттар беру жөнінде шешімдер қабылдау үшін өз қызметкерлерінің, ал қажет болған жағдайда басқа да мүдделі ұйымдардың

қызметкерлері санынан комиссия құрады.

16. Комитетінің төрағасы немесе ол уәкілдік берген адам комиссия төрағасы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

1 7 . К о м и с с и я :

1) рұқсаттағы этил спиртінің тұтыну көлемін анықтайды;
2) өз күзіретті шегінде өз жұмысының регламентін дербес белгілейді;
3) Денсаулық сақтау комитеті бекіткен тұтынушылардың қосымшаға сәйкес
тізбесі негізінде (2-қосымша) акциз төлемінсіз этил спиртін тұтынатын
өндірушілерге рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.

18. Медициналық мақсаттағы этил спирті сенімді заңды (жеке) тұлғаға
сенімхаты және босатуға рұқсаты болған жағдайда ғана беріледі.

19. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия мүшелері
қол қойып, комиссияның төрағасы бекітеді.

20. Рұқсатқа комиссия төрағасы қол қояды.

21. Рұқсатты беру және берілген рұқсаттарды реестрлеуді Комитеттің
бақылау және лицензиялау басқармасы жүзеге асырады.

4. Рұқсаттың әрекетін тоқтату

22. Спиртті босату рұқсатының күші мынадай жағдайда тоқтатылады:

1) рұқсат етілген мерзім біткенде;
2) рұқсат етілген спирттің толық көлемі пайдаланылғанда;
3) фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелер
жойылғанда немесе қайта құрылғанда.

23. Фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелер
қайта құрылғанда (қосылғанда, біріккенде, бөлінгенде, жеке шыққанда,
өзгергенде, атауы өзгергенде) бұрын берілген рұқсат өзінің күшін жояды.
Фармацевтік кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелер қайта
құрылған немесе қайта тіркелген рұқсатты қайта ресімдеу үшін Денсаулық
сақтау басқармаларының облыстық органдары этил спиртінің квотасын қайта
есептеу мақсатында Денсаулық сақтау комитетіне хабарлайды және Комитетке
рұқсат алу үшін ұсынады.

5. Спиртті мақсатты тұтынуға бақылау жасау

24. Акциз төлемінсіз этил спиртін босататын өндіруші-кәсіпорындарды
бақылауды Денсаулық сақтау комитеті және оның аумақтық органдары тікелей
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

25. Емдік және медициналық препараттар өндірісінде этил спиртін мақсатты
тұтынуға бақылауды Денсаулық сақтау комитеті жүзеге асырады.

26. Қазақстан Республикасының фармацевтік кәсіпорындары мен мемлекеттік медициналық мекемелерінің этил спиртін тұтынулары туралы Денсаулық сақтау комитеті Комитетке тоқсан сайын есеп береді (3-қосымша).

Есептер есеп беретін кезеңнен кейінгі айдың 10-нан кешіктірілмей беріледі.

27. Ұсынылған есептердегі мәліметтердің дұрыстығына жауапкершілік Денсаулық сақтау комитетіне жүктеледі.

28. Тиісті рұқсатсыз этил спиртін пайдаланғаны немесе осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін белгіленген заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

6. Өзгерістер мен толықтырулар

29. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтыруларды Денсаулық сақтау комитетімен келісе отырып, комитеттің Төрағасы бекітеді.

N 1 қосымша

Этил спиртін босатуға

N _____ Рұқсат ету

Астана қаласы " ____ " _____ 199 ____ ж.

Комиссия шешіміне сәйкес, " ____ " _____ 1999 жылғы N ____ хаттама негізінде _____

(этил спиртін өндіруші-мекеменің атауы)

(заңды мекен-жайы, тұратын жері)

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім беру және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті бекіткен, келісілген тізбеге сәйкес медициналық қызмет пен қызмет көрсетуді 199 ____ ж., іске асыратын мемлекеттік медициналық мекемелер мен фармацевтік кәсіпорындарда акциз төлемінсіз этил спиртін _____ дал, көлемде босатуға рұқсат береді.

Рұқсаттың мерзімі _____

(белгіленген күнге дейін немесе белгілі көлемін пайдаланғанға дейін)

(қызметі, аты-жөні, қолы)

Комитеттің М. О.

" ____ " _____ 199 ____ ж.

р ұ қ с а т е т у г е

N _____ қосымша

"Келісілген"

Қазақстан Республикасының

"Бекітілген"

Қазақстан Республикасының

мемлекеттік кіріс министрлігі денсаулық сақтау, білім беру
Алкоголь өнімін өндіру және оның және спорт министрлігінің
айналымын мемлекеттік бақылау денсаулық сақтау Комитетінің
жөніндегі Комитетінің комиссия
мәжілісінің

"__" __ 1999 жылғы N__ хаттамасы "__" __ 1999 жылғы бұйрығы
199 ____ ж. _____

(этил спиртін өндіруші мекеменің атауы)

**акциз төлемінсіз этил спирті пайдалануға құқылы
фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік
медициналық мекемелердің**

Тізбесі

--

№ ! Мекеменің атауы !Тұрағы !1999 жылы спиртті талап ету көлемі,
р/н ! ! (мекен - ! литр

! жайы) !
! !Барлы!1 тоқ-!2 тоқ- !3 тоқсан!4 тоқ-
! ! ғы ! сан ! сан ! тал ! сан
! ! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! ! !

N 3-қосымша

**Қазақстан Республикасының фармацевтік кәсіпорындары
мен мемлекеттік медициналық мекемелерінің 199__ жылдың
____ тоқсанында этил спирті тұтыну туралы**

Есебі

Рет! Облыстың атауы ! Есеп беру кезін-!Есеп беру кезін-!Этил спир-
са-! !дегі белгіленген !дегі этил спир- !тінің қал- ны !
квота, дал сусыз !тінің нақты алын!дықтары,

!	!	!спирт	!ғаны, Дал сусыз	!дал сусыз
!	!	!	!спирт	!спирт
!	!	!	!	!
1	2	3	4	5

1

2

. . .

Б а р л ы ғ ы :

—

К о м и т е т т ө р а ғ а с ы

(қолы, мөрі)